

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 4(24) қазан-желтоқсан 2020
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)
Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)
Аяған Бүркітбай Гелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)
Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)
Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)
Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)
Голден Кэти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)
Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)
Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)
Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)
Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)
Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)
Көмеков Болат Ешимхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)
Матыжанов Кенжехан Ісламжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)
Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)
Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)
Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)
Римантас Желвис (Zelvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)
Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)
Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)
Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)
Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:

Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:

Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашиин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)
Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусейтова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэйти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернеиовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчакостановедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана»

Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Želvyas Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожжахметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:

Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:

Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:

Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)
Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassievna – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želyys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzakh Altynbek

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ТАРИХИ КЛАССИФИКАЦИЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ

Ескеева М.Қ.

Фил.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті. Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақала түркі тілдері жүйесіндегі қазақ тілінің тарихи орнын анықтауға бағытталған. Түркі тілдерінің тарихи глоттохронологиялық және тарихи-генеалогиялық классификацияларындағы қазақ тілінің орны жайлы көзқарастар сараланады. Қазақ тілінің қалыптасу, даму жолы қазіргі қыпшақ тобы тілдерінің тарихымен, этникалық үдерістермен бірлікте қарастырылады. Қазіргі қазақ халқының этникалық негізін құрайтын ежелгі түркі тайпаларының ауызша тілі, көне түркі, орта түркі жазба ескерткіштерінің тілі қазақ тілінің тарихи арналары ретінде айқындалады. Түркі тілдерінің тарихи классификациясының негізгі критерийін құрайтын фонологиялық, морфологиялық заңдылықтар талданып, қазақ тілінде жаңа белгілермен қатар көне белгілердің де молынан сақталғаны дәйектеледі. Қазақ тілінің тарихи тамырының тереңдігін тілдік деректер негізінде анықтау, халық тарихын нақтылаудың, ұлттық сананы жаңғыртудың, мемлекеттік тілдің тұғырын бекітудің негізгі тетігі ретінде өзектеледі.

Тегтер: фонология, қазақ тілі, түркі жазба ескерткіштері, глоттохронология, тарихи классификация, қыпшақ тілдері, морфонология

КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК В ИСТОРИЧЕСКОЙ КЛАССИФИКАЦИИ ТЮРКСКИХ ЯЗЫКОВ

Ескеева М.Қ.

Доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева. Казахстан, Нур-Султан.

Аннотация. *Введение.* Статья посвящена проблеме определения исторического места казахского языка в системе тюркских языков. Анализируется статус казахского языка в глоттохронологической и историко-генеалогической классификациях тюркских языков. Становление и развитие казахского языка рассматривается в единстве с этническими процессами и с историей языков современной кипчакской группы. Устный язык древнетюркских племен, составляющих этническую основу современного казахского народа и язык древнетюркских, среднетюркских письменных памятников определяется как историческая основа казахского языка. Проанализированы фонологические, морфологические закономерности, составляющие основной критерий исторической классификации тюркских языков, доказано, что наряду с новыми признаками в казахском языке сохранилось большое количество древних признаков. Определение глубины исторических корней казахского языка на основе языковых данных актуализирует и укрепляет позиции государственного языка как основной механизм конкретизации истории народа, модернизации национального сознания.

Ключевые слова: историческая классификация, глоттохронология, тюркские письменные памятники, казахский язык, кипчакские языки, морфонология, фонология.

KAZAKH LANGUAGE IN THE HISTORICAL CLASSIFICATION OF THE TURKIC LANGUAGES

Yeskeyeva M.K.

Doctor of Philology, Professor. Saken Seifullin Kazakh Agrotechnical University.
Kazakhstan, Nur-Sultan.

Abstract. Introduction. The article deals with the problem of determining the historical place of the Kazakh language in the system of Turkic languages. The article analyzes the role of the Kazakh language in the glottochronological and historical-genealogical classifications of the Turkic languages. The formation and development of the Kazakh language is considered integrally with the ethnic processes and the history of the languages of the modern Kipchak group. The oral language of the ancient Turkic tribes that make up the ethnic basis of the modern Kazakh people and the language of Old Turkic written monuments and the Turkic inscriptions of the Middle Ages is defined as the historical basis of the Kazakh language. The author analyzes phonological and morphological patterns as the main criterion for the historical classification of the Turkic languages. It is proved that along with new features, a large number of ancient features have been preserved in the Kazakh language. Determining the depth of the historical roots of the Kazakh language based on language data is updated as the main mechanism for elaborating the history of the people, modernizing the national consciousness, and approving the positions of the state language.

Keywords: historical classification, glottochronology, old Turkic inscriptions, Kazakh language, Kipchak languages, morphonology, phonology.

Кіріспе

Тіл – этнос тарихы жайлы ақпараттар қоры, халықтың сан ғасырлық тәжірибесін жинақтап, келер ұрпаққа жеткізуші танымдық, рухани-мәдени және әлеуметтік феномен. Түркі халықтары тілінің қалыптасуы да жалпы адамзат тілі тарихының құрамдас бөлігі болғандықтан, жалпы тіл онтогенезі жөнінде қалыптасқан бағыттар мен ағымдардың методологиялық негіздерін, зерттеу нәтижелері мен тұжырымдарын саралай отырып, тілдің құрылымдық, мазмұндық ерекшеліктерін айқындайтын тілдік деректер негізінде ғана шамалауға болатын күрделі мәселе. Диахрониялық тұрғыдан қарастырғанда, тіл адамзат мәдениетінің даму үдерісіндегі маңызды белгілерді, сапалық өзгерістерді өз мазмұнында сақтай отырып, құрылымдық әрі мазмұндық тұрғыдан өзгерістер мен жаңғыруларға ұшырайды. Өзінің даму тарихында көне белгілерді сақтай отырып, өзгерістерге түсу түркі тілдері жүйесіндегі қазақ тіліне де тән. Қазақ тілінің тарихи тамырының тереңдігін теориялық тұрғыдан дәйектеп көрсету, халық тарихын нақтылаудың, ұлттық сананы жаңғыртудың, мемлекеттік тілдің тұғырын бекітудің негізгі тетігі болып табылады. Бұл түркі тілдері жүйесіндегі қазақ тілінің тарихи орнын анықтауға бағытталған зерттеудің өзектілігін сипаттайды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу материалын қазақ тілінің және басқа түркі тілдерінің түсіндірме, диалектологиялық, фразеологиялық, аударма т.б. сөздіктері, түркі жазба ескерткіштерінің мәтіндері құрайды. Түркі тілдері жүйесіндегі қазақ тілінің тарихи орнын анықтауда жалпы тіл білімінің зерттеу амалдары мен тәсілдері кешенді түрде қолданылады. Түркі тілдеріне жасалған жіктемелердегі қазақ тілінің сипаты қарастырылғанда жүйелеу, сипаттау амалдары; қазақ тілінің көне белгілерін айқындайтын тілдік деректерді саралағанда дәстүрлі салыстырмалы-

тарихи, салыстырмалы-сипаттамалы әдістер, лингвистикалық сұрыптау, модельдеу, лексика-семантикалық талдау, морфемдік-компоненттік талдау, фонетика-фонологиялық талдау амалдары негізге алынды.

Талдау

Қазақ тілінің қалыптасу кезеңі жайлы алғашқы көзқарас А.Н.Самойловичтің генеалогиялық классификациясында көрсетілді, ғалым түркі тілдерін туыстық жақындықтарына қарай жіктей отырып, кей тілдердің қалыптасу кезеңдері жайлы пікірлерін де береді, мәселен, тау – тобы немесе қыпшақ, солтүстік-батыс тобы тілдерін екі кіші топқа бөліп қарастырады: монғол шапқыншылығына дейін қалыптасқан тілдер – алтай, қырғыз, телеуіт, құмық, қарашай-балқар, татар, башқұрт; монғол шапқыншылығынан кейін қалыптасқан тілдер – қазақ, ноғай (Самойлович, 1922: 13).

Түркі тілдерін тарихи тұрғыдан классификациялау белгілі түркітанушы С.Е. Маловтың есімімен байланысты. Ғалым VI-IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері тіліндегі ерекшеліктердің сақталу деңгейіне сүйеніп, түркі тілдерін қалыптасуын кезеңдеріне байланысты 4 топқа жіктейді: 1. Ең көне түркі тілдер – бұлғар, сары ұйғыр, чуваш, якут тілдері; 2. Көне түркі тілдері – оғыз/көне түркі руникалық жазба ескерткіштерінің тілі, тоғалар, тува, көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі, хакас, шор тілдері; 3. Жаңа түркі тілдері – әзірбайжан, гагауз, құманды, қыпшақ, печенек, половец, салар, түрік, түрікмен, Шығыс Түркістандағы ұйғырлар тілдері; 4. Ең жаңа түркі тілдері – башқұрт, қазақ, қарақалпақ, қырғыз, құмық, ойрат, ноғай, татар, чуваш, якут тілдері (Малов, 1951: 5-7; Малов, 1952: 142). Зерттеуші ұсынған түркі тілдерінің тарихи-хронологиялық классификациясы түркі тіл біліміндегі тіл тарихына қатысты зерттеулердің негізіне алынып келеді, дегенмен, жіктеме туралы көзқарастар мен пікірлер бірізді емес. Негізгі мәселе жіктеменің критерийіне алынған фонетика-фонологиялық заңдылықтардың лексикалық қорды қамту деңгейіне қатысты туындайды.

Қазақ тілінің тарихы, оның көнелік белгілері жайлы профессор С.Исаев нақты тілдік деректерді талдай отырып «Бұл сияқты тілдік фактілер кейінгі кездегі басқа түркі тілдерінің ықпалы деуге ешбір негіз жоқ» (Исаев, 1996: 55) деген пікір білдіреді. Қазақ тілінің қалыптасу жолы мен даму ерекшеліктері, тілдің көнелік белгіні сақтау деңгейі жайлы ғылыми пайымдаулар Қ. Жұбанов, Н. Сауранбаев, С. Аманжолов, Ә. Қайдар, М. Томанов, Б. Сағындықұлы, Ж. Манкеева, Е. Қажыбек т.б. қазақ ғалымдарының еңбектерінде қамтылған.

Зерттеу нәтижелері

Тарихи және лингвистикалық ғылыми әдебиеттерде қазақ этносының да, оның тілінің де XIV-XV ғасырларда қалыптасқаны жайлы пікір негізінен Қазақ хандығының құрылуымен байланысты орнықты. Этникалық топтардың және олар мекендеген этникалық аумақтардың мемлекеттік тұрғыдан ресми түрде біріктірілуі қазақ халқының дербес этнос ретінде нығаюына, тілінің тұрақты қалыпқа түсіп жүйеленуіне игі ықпал еткені даусыз. Алайда, түркі дүниесіндегі қазақ халқының, оның тілінің пайда болуына негіз болған этногенетикалық, глоттогенетикалық процестердің тамырын көне дәуірден, көне қоғам ыдырап, таптық құрылыс нышандары біліне бастаған замандардан іздеу керек. Кез келген жаңа этностың, оның тілінің қалыптасуы ұзақ мерзімді қамтитын даму үдерістерінің нәтижесі, белгілі бір тарихи оқиға аумағында жаңа бір халықтың, оның тілінің пайда болуы этноэволюциялық, глоттоэволюциялық заңдылықтар мен ұстанымдарға сәйкес келе бермейді. Соған орай, түркі дүниесіндегі қазақ халқының, оның тілінің қалыптасуына негіз болған этногенездік, глоттогенездік процестер де көне замандардан бастау алатыны анық. Белгілі бір тілдік қауымға немесе этносқа тән тарихи үдерістерді, олардың рухани-материалдық әлемін сипаттайтын және этнос немесе қауым мүшелерінің бір-бірімен қарым-

қатынасын қамтамасыз ететін бірден-бір құрал болуына орай классикалық лингвистикада тіл өзгермейтін, константты құрылым ретінде қарастырылады. Шын мәнінде, тіл үнемі дамып, жетіліп, өзгеріп отырады, сондықтан диахрониялық тіл білімі тілді даму үстіндегі, үнемі өзгерістер мен жаңалықтарды қабылдай отырып, архиформалар мен архисемаларды сақтауға қабілетті құбылыс тұрғысынан қарастырады. Тілдегі реликт белгілер тілдік дамудың өте тереңдегі тарихи қабаттарынан мәлімет береді.

Түркі жазба тілінің ең көне нұсқасы ретінде қазіргі түркі тілдеріне классификация жасаудың өзегіне VI-IX ғасыр мұралары – Талас, Енисей, Орхон ескерткіштерінің тілі алынады. Түркі тілдерін қалыптасу кезеңіне байланысты жіктеу барысында С. Е. Малов та көне белгі ретінде ескерткіштер тіліндегі *rt*, *lt*, *nt* тіркестерінің түбір мен қосымша морфема жігінде қолданылу ерекшеліктерін – *alti* «алды», *kelti* «келді», *barti* «барды», *anta* «онда» т.б.; көне түркі жазбаларында кеңінен қолданылатын *ɣ/g* дауыссыздарының инлаут және ауслаут жағдайда сақталуын – *tay* «тау», *sariɣ* «сары» т.б. көрсетеді (Малов, 1952: 142). Яғни, осы белгілерді сақтаған тіл ең көне тілдер қатарына жатады деген бағытты ұстанады.

Ең жаңа немесе балаң тілдерді анықтаудың басты шарты ретінде алынған заңдылықтың бірі – дисиллабтар құрамындағы қатаң дыбыстардың инлаут позицияда ұяң дыбыстарға ауысуы – түбір морфеманың соңындағы үнді *r*, *l*, *n* дыбыстарынан кейін қатаң *t* дыбысынан басталатын қосымша морфема жалғанса, қатаң *t* дыбысының ұяң *d* дыбысына өзгеруі, яғни морфемалар жігіндегі *rt*, *lt*, *nt* тіркестерінің фонетикалық сапасын сақтай алмауы: *alti* → *aldi* «алды», *kelti* → *keldi* «келді», *barti* → *bardi* «барды», *anta* → *anda/onda* «онда» т.б. Балаң тілдерді анықтаудың келесі бір критерийі – тіл арты *ɣ*, тіл ортасы *g* дыбыстарының инлаут және ауслаут позицияда ілгерінді артикуляциямен айтылатын *w*, *j* дыбыстарына өзгеруі: *say* → *saw* «сау», *tay* → *taw* «тау», *sigiɣ* → *sijir* «сиыр», *teg* → *tej/tij* «ти» т.б. Бұл құбылысты дыбыстардың ілгерілеуі заңдылығы деп атаған ғалым инлаут, ауслаут позициядағы *ɣ/g* дыбыстарының редукцияға ұшырап түсіп қалуын: *qulɣaq* → *qulaq* «құлақ», *sariɣ* → *sari* «сары» т.б. немесе екінші дәрежелі еріндік созылыңқыларға: *say* → *soo* «сау», *tay* → *too* «тау» т.б. айналуын да ең жаңа тілдерге тән белгілер қатарында қарастырады (Малов, 1951: 5-7). Ежелгі түркі жазбаларында кеңінен қолданылған сөз соңы мен сөз ортасында қолданылатын *ɣ/g* дауыссыздарының қазіргі тілдерде сақталу деңгейі әртүрлі.

Морфема жігіндегі үнді *r*, *l*, *n* дыбыстарынан кейін келген қатаң *t* дыбысының ұяңдануын, *ɣ/g* дыбыстарының сөз ортасы мен сөз аяғында ілгерілеуін немесе нөлдік тұлғаға айналуын көрсететін тілдік деректер қазақ тілі лексикалық жүйесіне тән екені белгілі, соған орай классификацияда қыпшақ тілдері, оның ішінде қазақ тілі де балаң тілдер қатарына жатқызылады. Жіктеменің негізіне алынған қазақ тіліндегі үнді дыбысқа аяқталатын сөздерге септік және жіктік жалғауларының ұяң варианттарының жалғануы – *zolta* ≈ *zolda*, *körtim* ≈ *kördim* т.б., дауысты дыбыстар ортасындағы дауыссыздардың қазақ тілінде ұяңданып айтылуы – *sekiz* ≈ *segiz*, *toquz* ≈ *toɣız* т.б. үндестік заңының нәтижесі. Көне түркі тіліндегі *ɣ/g* дыбыстарына аяқталатын біраз сөздер қазіргі тілімізде негізінен *w* сонантына ауысады, мысалы: *tay/day* ≈ *taw* «тау», *tuɣ* ≈ *tuw* «ту», *bayir* ≈ *bawir* «бауыр»; енді біраз сөздер *j* дыбысына ауысады, мысалы: *sigiɣ* ≈ *sijir* «сиыр», *tügme* ≈ *tüjme* «түйме», *üg* ≈ *üj* «үй»; үшінші тобы редукцияланып түсіп қалады, мысалы: *sariɣ* ≈ *sari* «сары», *aɣuw* ≈ *uw* «у»; төртінші бір тобы қатанданып *q/k*-ге айналған, мысалы: *joɣ* ≈ *zoq* «жоқ», *tüg* ≈ *tük* «түк».

Қазіргі түркі тілдерінің қай-қайсысы болмасын бастауын түркілік тектілден алатындықтан әрбір тілдегі лексикалық жүйені кең көлемде, әдеби тіл мен диалектілік ерекшеліктер арасына шекара қоймастан, фразеологизмдер мен паремияларды, фольклор тілін толық қамти қарастырғанда қай тілден болмасын көне белгінің іздері байқалып жатады, сондай-ақ кейін қалыптасқан жаңа белгілер де аңғарылып тұрады. Соған орай, түркі тілдерінің тарихи-

хронологиялық классификациясы бойынша бірізді мойындалған көзқарас қалыптаспады. Түркі тілдеріндегі $\gamma/g \approx w$, $\gamma/g \approx j$ сәйкестіктері де, γ/g дауыссыздарының түсіп қалуы да қазақ тілін толық қамтымаған заңдылық екенін тілдік деректер көрсетуде.

Ерте орта ғасырлардағы Орхон-Енисей жазбаларында, кейінгі орта ғасырлардағы «Диуани лұғат-ит түрк», «Хибат-ул хакаиқ» т.б. ескерткіштері тілінде кеңінен қолданылатын *uliy* «ұлы, үлкен», *kičig* «кіші, кішкентай» сөздері қазақ тіліндегі *Uliq bolsañ, kişik bol; Qostij kišigi bolyanša, ijttiñ küšigi bol* деген мақалдар құрамында сақталып отыр. *Uliq* сөзі әдеби тілде жеке тұрып та дербес лексемалық мәнде пайдаланылады. Қазақ тілінде кеңінен қолданылып жүрген кейбір туынды етістіктер құрамында да көне белгілер сақталған, мысалы: *qutti* → *qutti(q)aw*, *sari* → *sar(γ)ajuw*, *ulī* → *ul(γ)ajuw*, *tori* → *tori(γ)uw* т.б. Сондай-ақ, көнетүркілік *ölig*, сөзінің көне варианты мен жаңа варианты қатар қолданыста: *öli*, *ölik*. Ең көне әрі жаңа тілдер қатарынан орын алатын чуваш тілінде де γ/g редукциясы жиі ұшырасады: *ura* ≈ *ajaq*, *uša* ≈ *ašiq*, *ata* ≈ *etik*, *pula* ≈ *baliq*, *küre* ≈ *qujriq*, *suxa* ≈ *sayaq*, *čere* ≈ *žürek*, *černe* ≈ *tirnaq*, *taja* ≈ *tajaq* т.б. Керісінше, параллельдердің екінші сыңарын құрап тұрған қазақ лексемалары аулау γ/g қатаң варианттарын сақтап қолданылады. Бұл мысалдардан Б.Серебренниковтің «Көне тілдер қатарына жататын чуваш және якут тілдерінде сандық жағынан архаизмнен гөрі кейінгі өзгерістер басымдау» (Серебренников, 1974: 39) деп орынды айтқанын байқаймыз. $\gamma/g \approx j$ сәйкестігі негізінен қыпшақ тобындағы тілдерге тән болғанымен бұл сәйкестікті қазақ тіліне қарағанда көне тілдер саналатын әзірбайжан тілінің диалектілерінен: *üzüj* ≈ *žüzik* «жүзік», *küräj* ≈ *kürek* «күрек» т.б.; өзбек тілі диалектілерінен: *bülej* ≈ *bilew* «білеу, қайрақ», *teräj* ≈ *terek* «терек»; ұйғыр тілінен: *üčäj* ≈ *išek* «ішек», *kösäj* ≈ *kösew* «көсеу» т.б. де кездестіреміз.

Қазақ тілінде көне түркілік γ/g дыбыстарының *w*, *j*-ге ауысуы немесе түсіп қалуы тілдік қорды толық қамтымауы, көптеген сөздерде қатаң *q*, *k* түрінде, дауыстылар арасында γ/g тұлғасында сақталып қалуы, кей жағдайда көне тұлға мен жаңа тұлғаның қатар қолданыста болуы қазақ тілін ең жаңа тілдер қатарына жатқызуға кепілдік бере алмайды. Бұл қазақ тілінің де көнелік белгіні де молынан сақтап қалғанын көрсетеді. Қазақ тілі де өзге туыстас түркі тілдері сияқты алтай, хун, көне түркі дәуірлерінен бастау алып, бірнеше тайпалық одақтардың тілдік дәстүрлерінің бірігуінен қалыптасқан, базистік лексикасында баба тілдің, көне түркі тілінің элементтерін молынан сақтаған әрі жаңа сипатқа ие болған тілдердің бірі.

Жалпы түркі тілдерінің қалыптасу кезеңін жазба тілдің тарихымен немесе белгілі бір халықтың атын білдіретін этнонимнің қолданысқа ену кезеңімен шектеуге болмайды. Қазақ халқы тарих сахнасына шығып, «қазақ» атанғанға дейін де, Қазақ хандығы құрылғанға дейін де қазақтардың ата-бабалары, олардың тілі өмір сүргені белгілі.

Тіл тарихында этнос (ұлт) тілі қалыптасқанға дейінгі дәуірлерде сол халықтың этникалық негізін құраушы тайпалар мен тайпа бірлестіктерінің тілі қалыптасатыны белгілі. Соған орай тарихи түркі тіл білімінде де түркітілдес халықтардың этникалық негізін қалаған көне тайпалар құрған мемлекеттік деңгейдегі бірлестіктердің тіліне қатысты «сак/скиф тілі», «ғұн тілі», «қаңлы тілі», «үйсін тілі» т.б. сияқты көне тілдерді сипаттайтын терминдер қолданылады. Біздің заманымызға дейін өмір сүрген тайпа атауларын білдіретін этнонимдер негізінде қалыптасқан терминдердің шарттылық-гипотезалық сипатын естен шығармау керек. Бұл тілдерді қазіргі түркі тілдерімен тікелей байланыстыруға лингвистикалық деректер жеткіліксіз болғанымен, түркі тілдерінің көне түркі тіліне дейінгі алғашқы кезеңдерін сипаттайтын тілдер ретінде қарастыруға тарихи деректер мүмкіндік береді. Қазақ бір тұтас халық болып қалыптасуынан бұрынғы дәуірлерде оның этникалық негізін құраушы қаңлы, үйсін, қыпшақ т.б. ірі тайпалардың өзара жақын, бірақ өзіндік ерекшеліктері де бар өз тілдерінің қалыптасқанын, осындай ұлыс тілдері мен тайпа тілдері қолданыста болғанын көрсеткен Ә.Т.Қайдар «Ол тілдердің жігін ажыратып, ерекшеліктерін айқындау көп ғасыр өткеннен кейін, әрине қиын.

Өйткені олардың бәрі тарихи даму барысында өзара тоғысып, тұтас бір тілге айналып кетті. Сондықтан да біз бүгін өткен дәуірлерде «үйсін тілі», «қаңлы тілі», «қыпшақ тілі» т.б. деп аталған тайпа тілдері болған десек, ол тек тарих үшін ғана айтылған сөз. Алайда тіл логикасына сүйенсек, қазақтың бір тұтас жалпыхалықтық тіліне дейін қаңлы, үйсін, қыпшақ, арғын, найман т.б. тайпа тілдерінің болғаны дау тудырмаса керек» деген тұжырым айтады (Қайдар, 2004: 113-114).

Ноғай-қыпшақ топшасына енетін қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдері Ноғай Ордасы кезінде тұтастық сипат алып, ортақ тілде сөйледі. Ноғай Ордасының ыдырауына байланысты, орда құрамындағы этникалық топтар тағы да әртүрлі түркілік құрылымдарға бөлініп, ажырай бастады. Ноғайлардың арғы тегі көне бұлғарлардың мұрагері мишар (татар) тілімен байланысты қарастырылады. Кавказ маңындағы мишарлардың бір бөлігі ноғай этнонимін, Волга бойы мен Мещер ойпатындағы бір бөлігі татар этнонимін иеленеді (Закиев, Кузьмин-Юмананди, 1996: 140). Әуел баста қыпшақ тілінің диалектілерінде сөйлеген қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерін Алтын Орда, Ноғай Ордасы кезіндегі лингво-этникалық процестер жақындата түсті. Қазақ, ноғай, қарақалпақ тілдерін бір топшаға жатқызу барысында зерттеушілер аталған халықтардың Қыпшақ → Алтын Орда → Ноғай Ордасына қатысты этно-тарихи қалыптасу жолын да ескергені белгілі.

Қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарының тарихи тамырластығын олардың этникалық құрамындағы ортақ ру-тайпалар, салт-дәстүріндегі, ауыз әдебиеті үлгілеріндегі, жалпы мәдениетіндегі ортақтықтар дәлел бола алады. Ал қыпшақ-бұлғар, қыпшақ-половец топшаларындағы тілдерде сөйлейтін халықтардың этногенездік тарихында біраз өзгешеліктер бар. Қыпшақ тобына жататын тілдер тілдік ерекшеліктеріне, географиялық орнына, сол тілде сөйлеуші этностардың тарихи қалыптасу жолына байланысты түрліше жіктеліп келді. Махмұд Қашқари беженек, қыфжақ, башғырт, татар, қырғыз тілдерін Рұмға жақын орналасқан тілдер қатарына қосады. Тек түрік тілінде ғана сөйлейтіндерге қырғыз, қыфжақ тайпаларын жатқызады, башғырт тілі аталған тілдерге жақын екенін, бұлғар тілі сөздердің соңын қысқартып айтатын түрік тілі екенін көрсетеді (Муталибов, 1960: 64-66).

Қыпшақ тобындағы қазақ тілінің дамуы, қазақ этносының ұлттық сипатқа ие болуы қыпшақ тобындағы өзге тілдердің даму процестерімен, сол тілде сөйлеуші этностардың даралану үдерістерімен тығыз байланыста жүріп отырғанын тарихи деректер де, тілдік деректер де қуаттайды. Қыпшақ тілдерінің ыдырауы X ғасырдың орта тұсында қарқынды жүреді. Зерттеушілер бұл үдерісті 936 жылғы Қырғыз қағанатының құлауымен сәйкес келетінін көрсетеді (Мудрак, 2009: 175). 1030-1050 жылдары шығыс даладан келген қыпшақтардың ықпалымен Хазар қағанаты толықтай ыдырағаны белгілі. Еуразияның далалық аймағындағы мұндай тарихи оқиғалар біртұтастыққа бейімделіп қалған қыпшақ тілінің іштей сараланып, бірнеше диалектілерден тұратын тілдік топтардың орныға бастау нышандарын айқындайды. Бұл жерде қыпшақ тілін жалпы түрк(i) тілінен бөліп қарастырудың өзі шарттылыққа негізделеді. Себебі түрк және қыпшақ этнонимдердің синонимдік мәнде қолданылу мүмкіндігі жайлы да пайымдаулар бар. VIII ғасырдың орта тұсында орнатылған Мойун Чур (744 ж.) ескерткіші мәтінінде түрік-қыпшақтардың тоғыз-оғыздарды елу жыл басқарғаны жайлы деректің сақталуы, Тоникук (726 ж.) жазбасындағы түрк-сир(есир), Білгеқаған (735 ж.) ескерткішіндегі алты сир(есир) тіркестерінің қыпшақтарға байланысты қарастырылуы да VIII-IX ғасыр түркі жазба мұралары тіліне қазіргі қыпшақ тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің де қатысы барын айғақтайды. Көне түркі дәуіріне дейін де түркі халықтарының өмір сүргені, олардың арасында қазіргі қазақтардың ата-бабаларының болғаны да дәлелдеуді қажет етпейтін заңдылық. Сондықтан қазіргі қыпшақ тілдері тобындағы тілдердің бәрі де түркілік тектіліктің белгілерін белгілі бір дәрежеде сақтап отырғанын баса көрсету орынды. Ал қыпшақ тілдерінің даму жолындағы өзгерістер, олардың өзара ыдырауы, көне белгілерімен қатар жаңа белгілерді де қабылдап, дербес тілге айналуы біршама кейінгі дәуірлердің жемісі.

Түркі тілдерінің глоттохронологиялық классификация жасаған О.А.Мудрактың пікірі бойынша: қыпшақтардың негізгі үш тілдік бұтаққа ажырауы 1010 жылдарға сәйкес келеді; ноғай тілінің «үлкен қазақ» тобынан (қаңлы) ажырауы және кавказ түркі тілдері тобының құмық, қарашай-балқар тілдеріне ыдырауы 1380 жылдарғы Темірдің жорықтарына сәйкес келеді; Волга бойындағы қыпшақ бірлестігінің қазіргі башқұрттар мен татарлардың ата-бабалары тілдерінің ыдырауы Қалке тұсында (1223-1224 жж.) Сүбедейдің осы аймаққа бірінші жорығынан кейін болған үдеріс; 1560 жылдары волга татарларының, сібір татарларының, қазақ және қарақалпақ тілдері, башқұрт әдеби тілінің негізін құрайтын батыс диалектісі ажырайды; Бұл мерзімі жағынан Ноғай Ордасының құлауымен, Иван Грозныйдың Қазан хандығын бағындыруымен сәйкес келеді (Мудрак, 2009: 175-176).

Қазіргі түркі тілдерінің тарихи орнын межелеудің негізгі арқауы ретінде көне түркі жазба ескерткіштері – Орхон, Енисей және Талас мұраларының тілі алынуда. Ескерткіштер тілі түркі жазба тілінің бізге жеткен ең көне нұсқасы болғандықтан орта ғасыр түркі тілдері мен қазіргі түркі тілдерін түркілік тектілмен (протоязык), бабатілмен (праязык) жалғастыратын бірден-бір фактологиялық материалдар қоры және қазіргі түркі тілдеріне тән басты фонетикалық, грамматикалық заңдылықтардың бағыт-бағдарын, өткен кезеңдердегі қалып-күйін, ортақ лексикалық жүйенің дамуын айқындауға мүмкіндік беретін дерек көзі.

Қазіргі түркі тілдерінің ішінде көне түркі тілінің фонетикалық, лексика-грамматикалық құрылымын дәлме-дәл қайталайтын бірде-бір тіл жоқ. Тіл үнемі даму үстіндегі құбылыс болғандықтан, бұл – табиғи лингвоэволюциялық заңдылық. Кеңестік түркітану Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілін оғыздық, ұйғыр-оғыздық, қырғыз-қыпшақтық сипатта тануды қалыптастырып, соңғы жылдарға дейін көне мұралар тілінің батыс қыпшақ тілдеріне қатысы күңгірт қалып келді. Шын мәнінде, көне жазба мұралар тілі – VI-IX ғасырларда өмір сүріп, Түркі қағанаттарының құрамында болған көне тайпаларға қатысы бар қазіргі түркі тілдерінің бірнеше макротоптарын құрайтын барлық түркі тілдерінің ортақ желісі, ортақ негізі. Қазіргі түркі тілдерінің негізгі лексикалық қоры, фонетикалық жүйесі мен морфологиялық құрылымы, синтаксистік конструкциясы көне түркі тілінің жалпы лексика-грамматикалық жүйесімен сәйкес келуі, көне тілдің ерекше белгілері қазіргі тілдердің тек біреуінен ғана емес, әр топтағы бірнеше тілдерден көрініс беруі де кезінде өзіндік диалектілік ерекшеліктері бар жалпы түркілік ортақ жазба әдеби тіл қолданыста болғанының куәсі.

Қазіргі түркі тілдерінің бәріне ортақ лингво-дифференциациялық үдерістердің XIII-XV ғасырлар аралығында қарқынды жүруіне жаугершіліктің немесе ішкі қақтығыстардың салдарынан өзіндік тілдік ерекшеліктері бар түркі тайпаларының басын қосқан түркі хандықтары ыдырап, олардың орнына жаңа хандықтардың келуі; сараланған тіл иелерінің жаңа этнонимдік атауларды иеленуі; лингво-мәдени-контактологиялық жағдаят тәрізді сол кезеңдегі әлеуметтік, тарихи-саяси оқиғалар тікелей ықпал етті. Дегенмен, этнос пен этнос тілінің тарихын олардың жаңа атауға ие болып, жаңа мемлекеттік құрған дәуірлерімен шектеуге болмайды, қазіргі түркі тілдерінің бәрі де түркілік тектілдің, баба тілдің, орта түркі тілінің белгілерін молынан сақтағанын тілдік деректер толықтай қуаттайды. Қазақ халқы да өз бастауын алатын арғы ата-бабаларынан жалғасқан рухан-мәдени құндылықтар жүйесін ұрпақтан-ұрпаққа үзбей жалғастыра отырып, этникалық шындалудан өткен көне халықтың ұрпақтары.

Қазақ этносының қалыптасу тарихы қазақ тілінің түркі тілдері жүйесіндегі тарихи орнымен өлшенеді. Қазақ халқының терең тамырын, қазақ тілінің түркі тілдері жүйесіндегі тарихи орнын таразылайтын тілдік деректерді қазақ тілінің фонетика-фонологиялық жүйесінен де, морфологиялық құрылымынан да, лексика-семантикалық ерекшеліктері мен лингво-ақпараттық әлеуетінен де аңғаруға болады.

Түркі тілдеріне жасалған жіктемелер ішінде түркі тілдерінің негізгі ерекшеліктері, сол тілде сөйлеуші халықтың этникалық құрылымы, басқа этностармен қарым-қатынасы біршама толық анықталған, көпшілік мамандар тарапынан қолдау тапқан Н.А.Баскаковтың тарихи-генеалогиялық классификациясында татар, башқұрт тілдері қыпшақ тобының қыпшақ-бұлғар тілдер топшасына; қарайым, қарашай-балқар, қырым татары, қырымшақ тілдері қыпшақ, половец тілдер тобына; қыпшақ-ноғай тілдер тобына ноғай, қазақ, қарақалпақ тілдері енгізіледі (Баскаков, 1969: 240). Түркі тілдеріне жасалған генеалогиялық және тарихи жіктемелер өз кезеңіндегі компоративистиканың үлкен нәтижесі болып табылады, қазіргі түркі тіл білімінде де аталған классификациялардың ғылыми-теориялық, методологиялық негіздері тереңдетіліп, олардың жетістіктері мен олқы тұстары жан-жақты талдануда. XX ғасырдың жетпісінші жылдарына дейінгі кезеңде жасалған классификацияларда кездесетін кейбір қайшылықтар мен сәйкессіздіктер негізінен сол кезеңдердегі түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы грамматикасы мен тарихи диалектологиясының жеткілікті дәрежеде зерттелмеуінен, түркі тілдеріндегі фонетика-фонологиялық өзгерістер мен морфологиялық заңдылықтарды толық көрсетуге әлеуетті тілдік материал қорының жинақталмауынан туындайды. Қазіргі таңда түркі тілдеріндегі фонетикалық, морфонологиялық құбылыстардың таралу шегі мен қолданыс аясын біршама нақтылауға мүмкіндік беретін фактологиялық материалдар қоры жинақталды, альтернативтік құбылыстар жекелеген түркі тілдері бойынша да, жалпы түркі тілдері бойынша да біршама кеңірек зерттеліп, жүйелі құбылыстар оларға қарама деректер сараланды, диалектілік ерекшеліктерді көрсететін тілдік деректер қоры да толығырақ түсті.

Қазіргі түркі тіл білімінің мүмкіндігі жайлы профессор А.В.Дыбо: «салыстырмалы-тарихи талдау бұрын «диалектіаралық кірмелілік» ретінде қарастырылып жүрген түркі тілдері арасындағы кездейсоқ саналатын кейбір дыбыстық өзгерістердің жүйелілігін анықтауға, мәселен, анлаут немесе дауыстылар арасындағы инлаут жағдайдағы қатаң-ұяң рефлексдерін фонетикалық заңдылық ретінде тануға толық мүмкіндік беретінін көрсетеді (Дыбо, 2007:10-11) деген ой айтады. Түркілік бабатілдің фонологиялық жүйесін реконструкциялау негізінде түркі тілдерінің жаңа генеалогиялық классификация ұсынған ғалым түркілік бабатілдік дәуірден басталатын ыдырау кезеңдері бойынша түркі тілдерін екі макротопқа бөледі: 1) бұлғарлық баба тіл (прабулғар) тобы; 2) жалпытүркілік топ. Бұлғар тобы Дунай бұлғарлары және Еділ бұлғарлары микротоптарына жіктеліп, Еділ бұлғарлары тілінен чуваш тілі таратылады. Ал жалпытүркілік тіл үш макротоптарға ыдырайды: 1) якут-долған тілдері; 2) саян тілдері; 3) оғыз тілдері, оғыз бұтағынан «қырғыз», солтүстік алтай, орталық шығыс, қарлұқ және қыпшақ тілдері ажырайды (Дыбо, 2007: 65). О.А. Мудрак қыпшақ тобын бес салаға бөледі: оңтүстік-башқұрт және шығыс башқұрт тілдері; Еділ татарларының және сібір татарларының тілі; қазақ және қалпақ тілдері; қарашай-балқар, құмық тілдері; қарайым және қырым татарлары тілдері (Мудрак, 2009: 175).

Түркі тілдеріне қатысты барлық жіктемелерді салыстыра қарағанда, қазіргі қыпшақ тобына жататын тілдердің фонетикалық жүйесі мен морфологиялық құрылымының ұқсастығы сол тілде сөйлеуші этностардың генетикалық немесе тарихи жақындығы ғалымдар тарапынан принципті түрде ажыратылатын қайшылық тудырмайтынын байқауға болады. Батыс қыпшақ тілдеріне тән ортақ лексиканы жалпы түркілік деңгейде салыстыра қарастырған белгілі ғалым К.М.Мұсаевтың зерттеулерінде (Мусаев, 1984) де қазіргі қыпшақ тілдерінің тарихи-генеалогиялық жақындығы лексика-семантикалық тұрғыдан дәйектеледі.

Жалпы бір негізден тараған тілдердің өзі де түрлі ішкі, сыртқы факторларға байланысты негіз тілдің белгілерін бірдей дәрежеде сақтай алмауы лингвоэволюцияның заңдылығы. Қазіргі түркі тілдерінің сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысы дыбыстық жүйесі негізінен көне түркі тілінде қалыптасқан. Түркі тілдері ортақ лексика бастауын ата түркі тілінен алып жалпы

түркілік қабат құрағанымен мағыналық бір тектілікті сақтай отырып, өзара дыбыстық, морфологиялық өзгерістерге ұшыраған. Бұл жөнінде белгілі ғалым Э.Р.Тенишев «VII-VIII ғғ. Оғыздар мен қыпшақтарда – *j*-тіл, ұйғырларда – *d*-тіл, қырғыздарда – *z*-тіл болды» деп жазды (Тенишев, 1976: 165).

Қазіргі қыпшақ тобына енетін тілдердің бір бөлігінің негізінде оғыздық сипаты бар көне бұлғар тілінің жатуы, қыпшақтану процесінен кейін де басқа туыстас тілдермен мәселен қазіргі оғыз тілдерімен (қарайым, құмық, қарашай-балқар, қырым татары тілдерінің әзірбайжан тілдерімен қарым-қатынасы), бұлғар тілдерімен (татар, башқұрт тілдерінің чуваш тілімен қарым-қатынасы) тілдік қарым-қатынасқа қолайлы географиялық аумақта таралуы; негізін көне қыпшақ тілінен алатын (көне қыпшақ тілінде де оғыздық элементтердің сақталғаны белгілі) қарақалпақ, қазақ, өзбек тілінің қыпшақ диалектісі тілдерінің қарлұқ тілдерімен (ұйғыр, өзбек), ноғай тілінің оғыз тілдерімен (түрік, түрікмен, әзірбайжан), бұлғар тілдерімен (чуваш) қатынаста болуы олардың лексикалық қорындағы қыпшақтық қабаттың өзгерістерге түсуіне алып келді. Мұндай өзгерістер негізінен сөз тұлғаларындағы дыбыс сәйкестіктері арқылы айқындалады.

Түркі тілдері бойынша көне қыпшақ тілдеріне тән лексиканы ажыратып алу да түркі тілдері тарихындағы күрделі мәселелердің бірі. Ж.Манкеева түркі тіл білімінде белгілі ғылыми зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, жалпытүркілік қабатты айқындаудың қағидаларын талдап көрсетеді. Қыпшақ тілдеріндегі мәдени лексиканы зерттеу нысаны етіп алған ғалым, қыпшақтық қабатты жіктеуде шарттылық сақталатынын айтады (Манкеева, 1997: 37). Көне қыпшақ тілінің элементтері қыпшақ тобындағы тілдерде ғана емес басқа топтағы түркі тілдерінде сақталуы көне қыпшақ тілінің таралу аясы аса кең болғандығын көрсетеді. Қаратеңіз жағалауындағы, Кавказ бойындағы әзірбайжан, түрік, түрікмен тілдеріндегі жалпы қыпшақтық қабатқа тән сөздер олардан алшақта орналасқан Орта Азия және Волга бойындағы түркі халықтары тілінде де қайталанатын. Зерттеулер бойынша Орта Азия және Волга бойындағы түркілер тіліндегі қыпшақизмдер «нағыз қыпшақтық», ал Қаратеңіз, Кавказ аумағындағы тілдердегі қыпшақтық сөздер қолайлы географиялық жағдайға байланысты, екінші дәрежелі қарым-қатынастың нәтижесінде қалыптасқан қыпшақизмдер болып табылады (Гаджиева, 1986: 70).

Орта түркі жазба мұраларының тілін талдау нәтижелері оғыз, қыпшақ тілдері сараланып шыққанға дейін жалпытүркілік қыпшақ-оғыздық, оғыз-қыпшақтық жағдайдың орныққанын көрсетіп бергені белгілі. Орта түркі дәуірінің алдындағы көне түркі жазба ескерткіштері тілі мен орта түркі дәуірінен кейінгі дәуірде, қолданылып жүрген қазіргі қыпшақ, оғыз тілдері деректері де қыпшақ D оғыз тіл бірлестігінің іздері сақталғанын көрсетеді. Оғыз және қыпшақ тілдерінің дербестік сипатқа ие болуы тұтас бір тілдің екіге жарылуы нәтижесінде емес, бұрыннан өздеріне тән белгілердің іздері бар екі тілдің белгілі бір географиялық жағдайда әрқайсысы өз мүддесін қорғау ыңғайында, яғни өздеріне тән белгілерді сақтап қалуға ұмтылу арқылы қалыптасқанын байқаймыз. Қазіргі қыпшақ тілдерінің ішінде қыпшақтық коларит қазақ, ноғай, қарақалпақ тілдерінде, татар диалектілерінде басым екенін зерттеу нәтижелері көрсетіп отыр.

Оғыз тілдеріндегі қыпшақтық элементтер тұлғалық ерекшеліктеріне, басқа да сипатына қарай төрт түрге бөлінеді: 1) таза қыпшақтық сөздер (оғыз-қыпшақ тіл бірлестігінен қалған); 2) қолайлы географиялық жағдайға байланысты қалыптасқан екінші дәрежелі қыпшақизмдер; 3) Поэзия арқылы әдеби тілдердің бір-біріне ықпалы негізінде қалыптасқан қыпшақизмдер; 4) Кездейсоқ сәйкестіктердің және конвергентті даму процесінің нәтижесінде қалыптасқан жалған қыпшақизмдер (Гаджиева, 1986: 73). Қазіргі түркі тілдеріндегі қыпшақ элементтерін сипатына қарай жіктеу кешенді лингвистикалық талдауларға негізделген қатаң әдістемеге сүйенеді. Түркі тілдерінде тіркелген параллель құбылыстардың бәрі бірдей генетикалық бірлікті көрсетпеуі мүмкін (жалпытүркілік негізде емес). Сондықтан қазіргі оғыз, қарлұқ, бұлғар тілдеріндегі қыпшақтық белгілерді анықтауда, барлық тілдер тәрізді, түркі тілдерінде де фреквентальді

құбылыстардың, яғни дыбыс өзгерістерінің потенциалды мүмкіндігі аясының кеңдігі ескерілуі керек. Дыбыс жүйесіндегі делабиализациялану, спирантизациялану, т.б. процестердің қыпшақ тілдерінде де, оғыз тілдерінде де ұшырасуы конвергентті изоглоссалық құбылыстардан көрініс береді. Конвергентті процестер белгілі географиялық аумақта изоглостың қоюлана түсуіне ықпал етеді. Мысалы, татар тіліндегі дауыстылардың қысқандануы редуциялық сипатта болса, әзірбайжан тіліндегі дауыстылардың қысқандануында фонетикалық ықпалдардың әсері болмайды немесе *к* дыбысының чуваш тілінде *х* дыбысына ауысуы тілдің біршама алға жылжуымен байланысты дыбыстың редуциялануы негізінде жүзеге асады (тат. т. *kīš* ~ чув.т. *xel* «зима»). Әр тілден көрініс беретін аймақтық изоглоссалар синхронды және жүйелі шарттылық сипатта болады, мысалы: $\check{c} \approx \check{\xi}$, $\check{s} \approx s$ алмасулары қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінің микроареалдарында кездеседі.

Түркі тілдеріндегі генетикалық топтардың конвергенциясы тілдік деректер негізінде ғана анықталады. Изоглоссалық құбылыстардың қатарында тек көрші халықтар тілінің бір-біріне ықпалы негізінде қалыптасқан элементтер ғана емес, негіз тілге тән көне реликт белгілер де, тарихи миграциялық әсерлерден қалған көне тұлғалар да кездесуі мүмкін. Тілдік топтардың гентикалық конвергенциясы бүгінгі жалпытүркілік диалектологиялық атластың шеңберінен шығып кетуін оның көне тарихи қабаттардағы туыс және туыстас тайпалар тілінің өзара ықпалдасу үдерісінен бастау алатынымен түсіндіруге болады. Сондықтан қазіргі қыпшақ тілдеріндегі таза қыпшақтық қабатты аршып алу мәселесінде тек әдеби тіл ғана емес, олардың микроареалдық топтары да қамтылуы қажет. Көне түркі ескерткіштерінің тілін қазіргі түркі тілдерімен салыстыра, сабақтастыра зерттеуде де қазіргі тілдер бойынша диалектологиялық ізденістердің нәтижелерін қолданудың маңызы ерекше.

Тілдегі диалектілік ерекшеліктердің табиғатын терең түсініп, әдеби тіл деректерімен қатар қолдану компаративистиканың әлеуетін арттыра түседі, туыс тілдерде кездесетін дыбыстық өзгерістердің даму жолын, бағытын, аралық звеносын айқындауға кей жағдайда варианттардың бастапқы тұлғасын тірі тілдер деректері арқылы анықтауға жол ашады. Тіл эволюциясының түрлі хронологиялық кезеңдерді қамтитын тарихи қабаттарының белгілері де микроареалдық топтардан көрініс беруі мүмкін. Сондай-ақ ареалдық лингвобірліктерді құрылымдық-танымдық тұрғыдан сипаттау, тілдік қабаттарды түрлі эволюциялық-фазалық деңгейде қарастыру біріншіден, тілдегі құбылыстарды инварианттардың бірлігі, аллоэмикалық элементтердің жиынтығы ретінде тануға мүмкіндік берсе, екіншіден тарихи өзгерістердің ішкі, сыртқы лингвистикалық факторларын, тіларалық контактілердің ықпалын айқындауға да жол ашады. Бір тіл ішіндегі говорларды салыстыра-салғастыра қарастыру, олардың изоморфтық, алломорфтық сипатын айқындап, изоэм мен аллоэмнің бір тіл ішінде таралу шегін, гомогенді және гетерогенді компоненттерін ажырату, яғни ареалдық лингвистиканың қағидаларына сүйену көне түркі тілі мен қазіргі түркі тілдері моносиллабтық жүйесіндегі гомогенді бірліктердің тұлғалық ерекшеліктерінің даму бағытын, гетерогенді бірліктердің кездейсоқ тұлғалық сәйкестіктерінің себептерін анықтауға да септігін тигізеді.

Қорытынды

Қазақ тілінің даму жолы мен түркі тілдері арасындағы тарихи орнын анықтауда бізге жеткен көне түркі, орта түркі, ескі қыпшақ, ескі қазақ жазба мұралары мен бірге халық санасында жатталып, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткен ауыз әдебиеті үлгілерінің де орны ерекше. Қазақ халқының этногенездік негізін құрайтын жеке ұлт болып қалыптасуына үлес қосқан рулар мен тайпалардың, ұлыстар мен халықтардың өз заманында қолданған тілдері – қазіргі қазақ тілінің тарихи негізі болып табылады. Бабатүркілік тілдің тармақтары саналатын біздің дәуірімізге дейінгі тайпалық одақтар сақтардың (б.з.б. III-I мыңжылдықтар), үйсіндердің (б.з.б. I

мыңжылдық), қаңлылардың (б.з.б. I мыңжылдық), хундардың (б.з.б. III ғасыры мен б.з. V ғасыры) т.б. құрамындағы түркі тектес тайпалардың тілдері қазіргі қазақ тілінің қайнар көзі десек, біздің дәуіріміздің V ғасыры мен ХҮ ғасырлары аралығында өмір сүрген бұлғар, қыпшақ, оғыз, қарлұқ тәрізді көне түркі тайпаларының тілдері, диалектілері негізгі арналары болып табылады. Қазақ хандығының мемлекеттік аумағына кірген, ортақ тілде сөйлейтін туыс тайпалық топтардың ерекшеліктері қамти отырып монолитті жалпыхалықтық қазақ тілі қалыптасты.

Әдебиеттер мен деректер тізімі

- Баскаков Н. А. Введение в изучение тюркских языков. М.: Наука, 1969. 384 с.
- Гаджиева Н. З. О некоторых трудных вопросах методики изучения истории тюркских языков // *Turcologica*, 1986. Л.: Наука, 1986. С. 70-76.
- Дыбо А.В. Лингвистические контакты ранних тюрков: лексический фонд: пратюркский период. М.: Восточная литература, 2007. 223 с.
- Закиев М.З., Кузьмин-Юманиди Я. Ф. Волжские булгары и их потомки. Казань: ИНСАН, 1996. 285 с.
- Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1996. 303 б.
- Қайдар Ә.Т. Қаңлы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 610 б.
- Қашқари М. Девону луғот ит турк. С.М.Муталибов. I том. – Ташкент: УзССР Фанлар академияси нашриятининг боспахонаси, 1960. – 499 с.
- Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – М.-Л.: Издательство АН СССР, 1951.– 452 с.
- Малов С.Е. Древние и новые тюркские языки // *Известия АН СССР. ОЛИА*. – Т. 2. – Вып. 2. – М., 1952. – С. 140-151.
- Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 272 б.
- Мудрак О.А. Классификация тюркских языков и диалектов с помощью методов глоттохронологии на основе вопросов по морфологии и исторической фонетике. – М.: РГГУ, 2009. – 187 с.
- Мусаев К. М. Лексикология тюркских языков. – М.:Наука, 1984. – 232 с.
- Самойлович А.Н. Некоторые дополнения к классификации турецких языков. – Петроград: Российская государственная академическая типография, 1922. – 15 с.
- Самойлович А.Н. Тюркское языкознание. Филология. Руника. – М.: Восточная литература РАН, 2005. – 1053 с.
- Серебренников Б. А. Вероятности обоснования в компаративистике. – М.: Наука, 1974. – 352 с.
- Тенишев Э.Р. О наддиалектном характере языка тюркских рунических памятников. // *Turcologica*. К семидесятилетию академика А.Н.Кононова. – Л.: Наука, 1976. – С.164-172.

References

- Baskakov N.A. Vvedeniye v izusheniye tyurkskikh yazykov. – М.: Nauka, 1969. – 384 p.
- Gadzhieva N.Z. O nekotorykh trudnykh voprosakh metodiki izucheniya istorii tyurkskikh yazykov // *Turcologica*, 1986. – L.: Nauka, 1986. – pp. 70-76.
- Dybo A.V. Lingvisticheskiye kontakty rannikh tyurkov: leksicheskiy fond: pratyurkskiy periyod. – М.: Vostochnaya literatura, 2007. – 223 p.
- Zakiyev M.Z., Kuzmin-Yumanidi Ya. F. Volzhskiy bulgary i ikh potomki. – Kazan: INSAN, 1996. – 285 p.
- Isayev S. Khazakhadebitiliningtarikhy. – Almaty: Ana tili, 1996. – 303 p.
- Khaydar A.T. Khangly. – Almaty: Dayk-Press, 2004. – 610 p.
- Khashkari M. Devonu lugot itturk. S.M. Mutallibov. I Tom. – Tashkent: UzSSR Fanlar akademiasini nashriyatining bospokhonosi, 1960. – 499 p.
- Malov S.E. Pamyatniki drevnetyurkskoy pismennosti. – М.-Л.: Izdatelstvo AN SSSR, 1951. – 452 p.
- Malov S.E. Drevniye i nobye tyurkskiye yazyki // *Izvestiya AN SSSR. OLiYA*. Т. 2. Vyp. 2. – М.: 1952. – pp. 140-151.
- Mankeyeva Zh. Madeniy leksikanyñ ulttykh syaty. – Almaty: Gylim, 1997. – 272 p.
- Mudrak O. A. Klassifikatsiya tyurkskikh yazykov i dialektov s pomoshchiu metodov glottokhronologii na osnove voprosov po morfologii i istoricheskoy fonetike. – М.: RGGU, 2009. – 187 p.
- Musayev K. M. Leksikologiya tyurkskikh yazykov. – М.: Nauka, 1984. – 232 p.
- Samoylovich A.N. Nekotorye dopolneniya k klassifikatsii tureskikh yazykov. – Petrograd: Rossiyskaya gosudarstvennaya akademicheskaya tipografya , 1922. – 15 p.
- Samoylovich A.N. Tyurkskoe yazykoznanie. Filologiya. Runika. – М: Vostochnaya literatura RAN, 2005. – 1053 p.
- Serebrennikov B.A. Veroyatnosti obosnovaniya v komparativistike.– М.: Nauka, 1974. – 352 p.
- Tenishhev E. R. O naddialektnom kharaktere yazyka tyurkskikh runicheskikh pamiyatnikov // *Turcologica*. K semidesyatiletyu akademika A.N.Kononova. – L.: Nauka, 1976. – pp.164-172.

МАЗМҰНЫ

Абдукадыров Н.М., Акынова А.П. ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДА БАТЫРЛАР ИНСТИТУТЫ ЖӘНЕ ОСМАН ИМПЕРИЯСЫНДА ЯНЫЧАРЛАР ӘСКЕРИ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ (XV-XVIII ғғ.).....	5
Алдажұманов Қ.С., Шілдебай С.Қ., Асанова С.Ә. ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОҒЫС КЕЗІНДЕГІ ТАРИХЫНАН (1941-1945).....	17
Ахмет А.Қ., Шотанова Ғ.А., Қозыбақова Ф.А. ЭТНОГРАФ-ҒАЛЫМ САЛЫҚ БАБАЖАНОВ.....	32
Әбсадық А.А. КЕЙКІ МЕРГЕН: ХАЛЫҚТЫҚ БАЯНДАУЛАР ЖӘНЕ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР	44
Әбсадық А.А., Исенов Ө.И. КЕЙКІ БАТЫР: ЖЫЛАНШЫҚ-ЖАЛАУЛЫДАҒЫ ҚАНДЫ ОҚИҒА	57
Әпендиев Т.Ә. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ САНДЫҚ КӨРСЕТКІШІ БОЙЫНША ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР.....	69
Байдалы Р.Ж. 1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ ОРТА АЗИЯ РЕСПУБЛИКАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ.....	78
Батырхан Б.Ш., Жүзбаева Ү.Д. «ТАҚУИМ ӘЛ-БҰЛДАН» ДЕРЕККӨЗІНДЕГІ ЖЕРОРТА ТЕҢІЗІ АРАЛДАРЫ ЖӘНЕ АТЛАНТ МҰХИТЫНЫҢ ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯСЫ.....	91
Бисембаева Л.А. ТАУАР-АҚША ҚАТЫНАСТАРЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ ҚАЗАҚТАРЫ (XIX ғасырдың II жартысы – XX ғасырдың басы).....	100
Борбасов С.М. ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТ ПАРАДИГМАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ ДИАЛЕКТИКАСЫ.....	110
Ескеева М.Қ. ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ТАРИХИ КЛАССИФИКАЦИЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ.....	131
Жұмаділ А.Қ., Өжкенов Е.М., Жұмаділ М.Т. ДАЛАЛЫҚ ЭЛИТА: БИЛЕУШІЛЕРДІҢ, БИЛЕУШІ ӘУЛЕТ ПЕН ТАЙПАЛАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІНІҢ КИЕЛІЛІГІ ЖӨНІНДЕ.....	142
Жүгенбаева Ғ.С. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРІ.....	156
Жүнісбаев А., Алдажұманов Қ., Шілдебай С. СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АТТЫ ӘСКЕРИ ҚҰРАМАЛАРЫ (1941-1945): 81, 96 және 105 атты әскер дивизияларының материалдары бойынша	168
Иембекова М.О. ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫРҒЫЗСТАН АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	191
Ильясова З.С. АКАДЕМИК Б.Е. КӨМЕКОВ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОТАНДЫҚ ДЕРЕКТАНУ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ.....	206
Исенов О.И. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 30-ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АТАМЕКЕНЕН КӨШУІ.....	218
Кабдушев Б., Шілдебай С. ҮКІМЕТ ТӨРАҒАСЫ Н. НҰРМАҚОВ ЖӘНЕ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	231
Қабыл А.Ә. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ XVIII Ғ. СОҢЫ МЕН XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	248
Қаипбаева А.Т. МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ – ҰЛТ АЗАТТЫҒЫ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСКЕР ТАРИХИ ТҰЛҒА.....	260

Қали А.Н. ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ «БӘРІ ДЕ МАЙДАНҒА, БӘРІ ДЕ ЖЕҢІС ҮШІН!» ҰРАНЫМЕН ЖЕҢІСКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ (Жамбыл облысының мысалында).....	274
Қали А.Н. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ САУАТТЫЛЫҚ ПЕН БІЛІМ ДЕҢГЕЙІ (1946-1955).....	287
Қозыбаева М.М. XX ғ. 30-ШЫ ЖЖ. БАСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗЕҢІНДЕ БАТЫС СІБІР АУМАҒЫНДАҒЫ ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАРЫ.....	304
Қоңқабаева Н.Н. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АТ-ТУХФА ҚОЛЖАЗБАСЫНА ТАРИХИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАМА	313
Маргулан Д.А., Маргулан А.С. XVIII ғ. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІН САҚТАП ҚАЛУДАҒЫ ОЛЖАБАЙ БАТЫРДЫҢ РӨЛІ	324
Мұхатова О.Х. АЛАШ АРДАҚТЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ТУРАСЫНДАҒЫ ОЙЛАРЫ	334
Нагимов Ш.Н., Бердыгужин Л.Б., Жумабаева Э., Молдашева С.К. АТЫРАУ ӨЛКЕСІ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ ӨНЕГЕЛІ ЖОЛЫ: САУАТСЫЗДЫҚТАН ОРТА МЕКТЕПКЕ.....	345
Оспанов Н.М. ҰЛЫ ДАЛА КӨШПЕНДІЛЕРІ МЕН КӨНЕ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ КОРЕЙ МЕМЛЕТТЕРІ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ.....	358
Рамазанова Ф.С., Какенова З.К. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ-ТІЛДІК ҚҰРЫЛЫС ТАРИХЫНАН: ЛАТЫН ӨЛПБИ ҮШІН КҮРЕС.....	368
Рүстемов С.К., Оразов Р.Е. МҰСЫЛМАНДЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАР.....	385
Садвокасова З.Т. ҚАЗАҚТАР АРАСЫНДА ПРАВОСЛАВИЕЛІК УАҒЫЗ (XIX – XX ғасырдың басы).....	399
Сатанов А.Б. ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ: ФЕНОМЕНОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ	411
Серубаева А.Т. Ш. УӘЛИХАНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ШЫҒЫС ТҮРКІСТАННЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ-САЯСИ ТАРИХЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	431
Стамшалов Е.И. АРАЛТӨБЕ КӨТЕРІЛІСІ: ТАРИХЫ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ.....	443
Тусупов А.Р. ЕЖЕЛГІ ТҮРКІЛЕРДІҢ САЯСИ АНТРОПОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ КӨШПЕЛІ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ	458
Ужкенов Е.М., Шотанова Ғ.А. РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ РЕСЕЙ ТАРИХНАМАСЫНЫҢ АЙНАСЫНДАҒЫ САРАЙШЫҚ ЖӘНЕ АҚТӨБЕ ТАРИХЫ.....	472
Шакенов С.Т., Ерғабылов А.Е. ҚАЛБА-НАРЫМ ӨҢІРІНДЕГІ ҚОЛА ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ (1991 жылға дейін).....	484
Шотанова Ғ.А., Ужкенов Е.М., Джумағалиева К.В. ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ТАРИХНАМАДАҒЫ ЖӘНГІР ХАНДЫҢ БАСҚАРУ САЯСАТЫ БАҒЫНДАҒЫ ОБРАЗЫ	495
Шілдебай С., Кабдушев Б., Жұмағов Д. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАН: ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ІС ЖҮРГІЗУДІ ЕНГІЗУ ТАРИХЫНАН	507

СОДЕРЖАНИЕ

Абдукадыров Н.М., Акынова А.П. ИНСТИТУТ БАТЫРОВ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ И ФУНКЦИИ ЯНЫЧАРСКОЙ ВОЕННОЙ СИСТЕМЫ В ОСМАНСКОЙ ИМПЕРИИ (XV-XVIII вв.).....	5
Алдажуманов К.С., Шилдебай С.К., Асанова С.А. ИЗ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА ВОЕННОГО ВРЕМЕНИ (1941-1945).....	17
Ахмет А.К., Шотанова Г.А., Козыбакова Ф.А. УЧЕННЫЙ-ЭТНОГРАФ САЛЫК БАБАЖАНОВ.....	32
Абсадык А.А. КЕЙКИ МЕРГЕН: НАРОДНЫЕ ПРЕДАНИЙ И ПИСЬМЕННЫЕ ИСТОЧНИКИ.....	44
Абсадык А.А., Исенов О.И. КЕЙКИ БАТЫР: КРОВАВОЕ СОБЫТИЕ НА ЖЫЛАНШЫК-ЖАЛАУЛЫ.....	57
Апендиев Т.Ә. ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ ПОКОЛИЧЕСТВЕННОМУ ПОКАЗАТЕЛЮ СЕЛЬСКОГО НАСЕЛЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В 1945-1955 гг.....	69
Байдалы Р.Ж. КАЗАХСКИЕ БЕЖЕНЦЫ В РЕСПУБЛИКАХ СРЕДНЕЙ АЗИИ ВО ВРЕМЯ ГОЛОДА 1930-Х ГОДОВ.....	78
Батырхан Б.Ш., Жузбаева У.Д. ИСТОРИЧЕСКАЯ ГЕОГРАФИЯ ОСТРОВОВ СРЕДИЗЕМНОГО МОРЯ И АТЛАНТИЧЕСКОГО ОКЕАНА В ИСТОЧНИКЕ «ТАКВИМ АЛЬ-БУЛЬДАН».....	91
Бисембаева Л.А. ЖЕТЫСУЙСКИЕ КАЗАХИ В УСЛОВИЯХ ТОВАРНО-ДЕНЕЖНЫХ ОТНОШЕНИЙ (вторая половина XIX - начало XX века).....	100
Борбасов С.М. ПАРАДИГМА НЕЗАВИСИМОГО ГОСУДАРСТВА И ДИАЛЕКТИКА ЕГО РАЗВИТИЯ.....	110
Ескеева М.Қ. КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК В ИСТОРИЧЕСКОЙ КЛАССИФИКАЦИИ ТЮРКСКИХ ЯЗЫКОВ	131
Жумадил А.К., Ужкенов Е.М., Жумадил М.Т. СТЕПНАЯ ЭЛИТА: О САКРАЛЬНОМ ПРОИСХОЖДЕНИИ ПРАВЯЩИХ ПЛЕМЕН, ДИНАСТИЙ И ПРАВИТЕЛЕЙ.....	142
Жугенбаева Г.С. ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ О БОРЬБЕ ЗА НАЦИОНАЛЬНУЮ ИДЕНТИЧНОСТЬ КАЗАХСКОГО НАРОДА.....	156
Джунисбаев А., Алдажуманов К., Шилдебай С. КАВАЛЕРИЙСКИЕ СОЕДИНЕНИЯ КАЗАХСТАНА В ГОДЫ ВОЙНЫ (1941-45): по материалам 81-й, 96-й и 105-й кавалерийских дивизий	168
Иембекова М.О. СОВРЕМЕННЫЙ УРОВЕНЬ РАЗВИТИЯ И ПРОБЛЕМЫ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И КЫРГЫЗСТАНОМ.....	191
Ильясова З.С. АКАДЕМИК Б.Е.КУМЕКОВ И ЕГО ВКЛАД В ОТЕЧЕСТВЕННОЕ ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ.....	206
Исенов О.И. ГОЛОД 30-Х ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ: ОТКОЧЕВКА КАЗАХОВ ИЗ СТРАНЫ.....	218
Кабдушев Б., Шилдебай С. ПРЕДСЕДАТЕЛЬ ПРАВИТЕЛЬСТВА Н. НУРМАКОВ И ПРОБЛЕМЫ ВОССТАНОВЛЕНИЯ СКОТОВОДЧЕСКОГО ХОЗЯЙСТВА.....	231
Кабыл А.А. ОСОБЕННОСТИ ТЕОРИИ И ПРАКТИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНО- ОСВОБОДИТЕЛЬНОГО ДВИЖЕНИЯ КОНЦА XVIII- НАЧАЛА XX ВЕКОВ В КАЗАХСТАНЕ.....	248
Каипбаева А.Т. МАХАМБЕТ УТЕМИСОВ – ИСТОРИЧЕСКАЯ ЛИЧНОСТЬ, БОРЕЦ ЗА НАЦИОНАЛЬНОЕ ОСВОБОЖДЕНИЕ.....	260

Кали А.Н. ВКЛАД КАЗАХСТАНЦЕВ В ДОСТИЖЕНИЕ ПОБЕДЫ ПОД ДЕВИЗОМ «ВСЕ ДЛЯ ФРОНТА, ВСЕ ДЛЯ ПОБЕДЫ!» (На примере Жамбылской области).....	274
Кали А.Н. УРОВЕНЬ ГРАМОТНОСТИ И ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В ПОСЛЕВОЕННЫЕ ГОДЫ (1945-1955 гг.)....	287
Козыбаева М.М. КАЗАХСКИЕ ОТКОЧЕВНИКИ НА ТЕРРИТОРИИ ЗАПАДНОЙ СИБИРИ В ПЕРИОД ГОЛОДА НАЧАЛА 30-Х ГГ. XX В.....	304
Конкабаева Н.Н. ИСТОРИКО-ЛИНГВИСТИЧЕСКОЕ ОПИСАНИЕ СРЕДНЕВЕКОВОМУ МАНУСКРИПТУ АТ-ТУХФА	313
Маргулан Д.А., Маргулан А.С. РОЛЬ ОЛЖАБАЙ БАТЫРА В СОХРАНЕНИИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ В XVIII В.....	324
Мухагова О.Х. МЫСЛИ ДЕЯТЕЛЯ АЛАШ ОБ ОБРАЗОВАНИИ.....	334
Нагимов Ш.Н., Бердыгужин Л.Б., Жумабаева Э. Молдашева С.К. СЛАВНЫЙ ПУТЬ ПЕДАГОГОВ АТЫРАУСКОГО КРАЯ: ШКОЛ: ОТ ЛИКБЕЗА ДО СРЕДНИХ ШКОЛ.....	345
Оспанов Н.М. ИСТОРИОГРАФИЯ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ КОЧЕВНИКОВ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ С ДРЕВНИМИ И СРЕДНЕВЕКОВЫМИ КОРЕЙСКИМИ ГОСУДАРСТВАМИ.....	358
Рамазанова Ф.С., Какенова З.К. К ИСТОРИИ НАЦИОНАЛЬНО-ЯЗЫКОВОГО СТРОИТЕЛЬСТВА В СОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ: БОРЬБА ЗА ЛАТИНСКИЙ АЛФАВИТ.....	368
Рустемов С.К., Оразов Р.Е. МУСУЛЬМАНСКОЕ ДВИЖЕНИЕ И КАЗАХИ.....	385
Садвокасова З.Т. ПРАВОСЛАВНАЯ ПРОПОВЕДЬ СРЕДИ КАЗАХОВ (XIX - начало XX веков).....	399
Сатанов А.Б. ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ДИСТАНЦИОННОГО ОБРАЗОВАНИЯ: ФЕНОМЕНОЛОГИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ.....	411
Серубаева А.Т. ПРОБЛЕМЫ ЭТНИКО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ ВОСТОЧНОГО ТУРКЕСТАНА В ИССЛЕДОВАНИЯХ Ш. УАЛИХАНОВА.....	431
Стамшалов Е.И. АРАЛТЮБИНСКОЕ ВОССТАНИЕ: УРОКИ И ИСТОРИЯ.....	443
Тусупов А.Р. ПОЛИТИЧЕСКАЯ АНТРОПОЛОГИЯ И СПЕЦИФИКА КОЧЕВОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ ДРЕВНИХ ТЮРОК.....	458
Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А. ИСТОРИЯ САРАЙЧИКА И АКТОБЕ В ЗЕРКАЛЕ РОССИЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ДОРЕВОЛЮЦИОННОГО ПЕРИОДА.....	472
Шакенов С.Т., Ергабылов А.Е. КРАТКИЙ ОБЗОР ИСТОРИИ ИЗУЧЕНИЯ ПАМЯТНИКОВ ЭПОХИ БРОНЗЫ В КАЛБА-НАРЫМСКОМ РЕГИОНЕ.....	484
Шотанова Г.А., Ужкенов Е.М., Джумагалиева К.В. ОБРАЗ ДЖАНГИР ХАНА В ПОЛИТИКЕ УПРАВЛЕНИЯ СТЕПЬЮ В ОТЕЧЕСТВЕННОЙ И ЗАРУБЕЖНОЙ ИСТОРИОГРАФИИ.....	495
Шилдебай С., Кабдушев Б., Жуматов Д. СОВЕТСКИЙ КАЗАХСТАН: ИЗ ИСТОРИИ ВВЕДЕНИЯ ДЕЛОПРОИЗВОДСТВА НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ.....	507

CONTENTS

Abdukadyrov N.M., Akynova A.P. INSTITUTE OF BATYRS IN KAZAKH SOCIETY AND FUNCTIONS OF THE JANISSARIES MILITARY SYSTEM IN THE OTTOMAN EMPIRE (XV-XVIII centuries).....	5
Aldazhumanov K., Shildebay S², Assanova S. FROM THE HISTORY OF KAZAKHSTAN IN WARTIME (1941-1945).....	17
Ahmet A.K., Shotanova G.A., Kozybakova F.A. ETHNOGRAPH-ALYM SALYK BABAZHANOV.....	32
Absadyk A.A. KEIKI MERGEN: FOLK TRADITIONS AND WRITTEN SOURCES.....	44
Absadyk A.A., Issenov O.I. KEIKI BATYR: BLOODY EVENT ON ZHYLANSHYK- ZHALAULY.....	57
Apendiyev T.A. DEMOGRAPHIC PROCESSES IN QUANTITATIVE TERMS OF THE RURAL POPULATION IN KAZAKHSTAN IN 1945-1955.....	69
Baidaly R.Zh. KAZAKH REFUGEES IN THE REPUBLICS OF CENTRAL ASIA DURING THE HUNGER OF THE 1930S.....	78
Batyrkhan B.Sh., Zhuzbayeva U.D. HISTORICAL GEOGRAPHY OF THE ISLANDS OF THE MEDITERRANEAN SEA AND THE ATLANTIC OCEAN IN THE SOURCE «TAQWIM AL-BULDAN».....	91
Bissembayeva L.A. THE ZHETSU KAZAKHS IN THE CONTEXT OF A COMMODITY AND MONEY RELATIONSHIP (SECOND HALFOF19 TH CENTURY -EARLY 20 TH CENTURY).....	100
Borbassov S.M. THE PARADIGM OF AN INDEPENDENT STATE AND THE DIALECTICS OF ITS DEVELOPMENT.....	110
Yeskeyeva M.K. KAZAKH LANGUAGE IN THE HISTORICAL CLASSIFICATION OF THE TURKIC LANGUAGES.....	131
Zhumadil A.K., Uzhkenov E.M., Zhumadil M.T. THE STEPPE ELITE: ON THE TITULAR ORIGIN OF RULING TRIBES, DINASTIES AND RULERS.....	142
Zhugenbayeva G. HISTORICAL SOURCES ON THE STRUGGLE FOR THE NATIONAL IDENTITY OF THE KAZAKH PEOPLE.....	156
Junisbayev A., Aldazhumanov K., Shildebay S. CAVALRY UNITS OF KAZAKHSTAN DURING THE WAR (1941-1945): based on materials of the 81 st , 96 th and 105 th cavalry divisions.....	168
Iyembekova M.O. CURRENT LEVEL OF THE DEVELOPMENT AND PROBLEMS OF RELATIONS BETWEEN KAZAKHSTAN AND KYRGYZSTAN	191
Ilyassova Z.S. ACADEMICIAN B. KUMEKOV AND HIS CONTRIBUTION TO DOMESTIC RESOURCE STUDIES.....	206
Issenov O.I. FAMINE OF THE 1930s IN KAZAKHSTAN: THE MIGRATION OF KAZAKH FROM THE COUNTRY.....	218
Kabdushev B., Shildebay S. CHAIRMAN OF THE GOVERNMENT N. NURMAKOV AND THE PROBLEMS OF RESTORING THE LIVESTOCK FARMING.....	231
Kabyl A.A. FEATURES OF THE THEORY AND PRACTICE OF TEACHING THE NATIONAL LIBERATION MOVEMENT OF THE LATE 18 th – EARLY 20 th CENTURIES IN KAZAKHSTAN.....	248
Kaipbaeva A.T. MAKHAMBET UTEMISOV – A HISTORICAL FIGURE, NATIONAL LIBERATION FIGHTER.....	260
Kali A.N. CONTRIBUTION OF KAZAKHSTANIS TO ACHIEVING VICTORY UNDER THE MOTTO «EVERYTHING FOR THE FRONT, EVERYTHING FOR VICTORY!» (ON THE EXAMPLE OF ZHAMBYL REGION).....	274
Kali A.N. THE LEVEL OF LITERACY AND EDUCATION IN KAZAKHSTAN IN THE POST-WAR YEARS (1945-1955).....	287

Kozybayeva M.M. KAZAKH MIGRANTS IN THE TERRITORY OF WESTERN SIBERIA IN THE PERIOD OF EARLY 1930-ies FAMINE.....	304
Konkabayeva N.N. АЛАШ АРДАҚТЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ТУРАСЫНДАҒЫ ОЙЛАРЫ.....	313
Margulan D.A., Margulan A.S. OLZHABAI BATYR'S ROLE IN CONSERVATION KAZAKH STATEHOOD IN THE XVIII C.....	324
Mukhatova O.Kh. THOUGHTS OF THE ALASH LEADER ABOUT EDUCATION	334
NagimovSh.N., Berdyguzhin L.B., Zhumabayeva E., Moldasheva S.K. THE GLORIOUS PATH OF THE TEACHERS OF THE ATYRAU REGION:FROM LITERACY CLASSES TO SECONDARY SCHOOLS	345
Ospanov N. HISTORIOGRAPHY OF THE RELATIONSHIPS BETWEEN THE NOMADS OF THE GREAT STEPPE WITH THE ANCIENT AND MEDIEVAL KOREAN STATES	358
Ramazanova F.S., Kakenova Z.K. ON THE HISTORY OF NATIONAL-LANGUAGE CONSTRUCTION IN SOVIET KAZAKHSTAN: FIGHT FOR THE LATIN ALPHABET.....	368
Rustemov S.K., Orazov R.E. THE MUSLIM MOVEMENT AND THE KAZAKHS.....	385
Sadvokassova Z.T. ORTHODOX PREACHING AMONG KAZAKHS (second half of the XIX-early XX centuries).....	399
Satanov A.B. HISTORY OF FORMATION AND DEVELOPMENT OF DISTANCE EDUCATION: PHENOMENOLOGICAL RESEARCH.....	411
Serubayeva A.T. ISSUES OF ETHNIC AND POLITICAL HISTORY OF EAST TURKESTAN IN THE RESEARCH BY SH. UALIKHANOV.....	431
Stamshalov E.I. ARALTYUBES REBELLION: HISTORY AND LESSONS.....	443
Tussupov A.R. POLITICAL ANTHROPOLOGY AND SPECIFICITY OF THE NOMADIC STATEHOOD OF THE ANCIENT TURKS.....	458
Uzhkenov E.M., Shotanova G.A. HISTORY OF SARAYCHIK AND AKTOBE IN THE MIRROR OF RUSSIAN HISTORIOGRAPHY OF THE PRE-REVOLUTIONARYPERIOD.....	472
Shakenov S.T., Yergabylov A.E. BRIEF OVERVIEW OF THE HISTORY OF STUDYING BRONZE AGE MONUMENTS IN THE KALBA-NARYM REGION.....	484
Shotanova G.A., Uzhkenov E.M., Dzhumagalieva K.V. THE IMAGE OF JANGIR KHAN IN GOVERNANCE POLICY TOWARDS THE STEPPE IN DOMESTIC AND FOREIGN HISTORIOGRAPHY.....	495
Shildebay S., Kabdushev B., Zhumatov D. SOVIET KAZAKHSTAN: FROM THE HISTORY OF THE INTRODUCTION OFFICE WORK IN KAZAKH LANGUAGE.....	507

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2020. 4(24)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 15.12.2020.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй